




**Егемен Қазақстан**

## **Махаббаттың мәңгілік дастаны**

Шығыс шынарының бір дәніндегі қазақ топырағында өсіп-өніп тамырын терең жіберген Абайдың әр сөзіне «ілініп», Шығысын міні еткісі келгендеге ұлы Мұхтар: «Осы жерде санаған ақын ішінде бүгінгі туысқан елдеріміз, кеңестік Шығыс: әзербайжан, тәжік, өзбек ақындарының классик ұлгісіндегі қадірлі тобының ғана атын атап отырған жоқ па?» деген жауабы естеріңізде болар. Жазушының уәжі хакімді талағандарға тосқауыл болса да, бүгінгі түркі қауымдастыры үшін бұл бөліс Шығыс шынарларын өздерінің тек-тамырынан алыштатқаны анық.



Жалпыәлемдік әдебиеттің ұлгісін жасаған Шығыс жұлдыздарын самаладай жарқыраған көгінен жұлып алып бауырлас республикалардың еншісіне үлестіру үрдісі Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін басталып, елуінші жылдарға дейін созылды. Алайда алпысынышы жылдарға қарай пролетарлық, интернационалды ұлт құрамыз деген ұран алға шығып, бауырлас жүргіттың Шығысқа қайта байланған арқауы үзілуге жақын қалған-ды.

Егер әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мұны отардағы елдердің аттап өтетін сатысы ретінде дұрыс түсіну қажет. Сол сияқты патшалық Ресей езгісінен кейін өз руханиятына сусаған елдің туған тарихына бойлап, ғасырлар өркениетінен өзін-өзін іздеуі заңды нәрсе. Иглікті іске ықыласпен кіріскен орыстың шығыстанушыларының үлесі зор болды. Олар Шығыс шайырларының мұрасын орыс тіліне аударып, бүкілодақтың оқырмандарына жақындана түсті.

Дегенмен біртұтас тамырынан ажыратып этностық шыққан тегін түгенден тәжік, әзербайжан, өзбек ақыны деп түсін түстегеніміздің кері ықпалы болмай қойған жоқ. Бұл ұлы шайырларды түбі бір түркі

бауырластарымыздан қызғанып, не болмаса оларға қимағандығымыз емес. Ұлтқа бөліп «жекешелендіру» салдары түркі жұртымен, түркі өркениетінің баршаға ортақ арқауын ажыратып жібергенін сол қайнардан шөлін қандыра алмаған біздер жақсы туғынан.

Әрбір ұлт өздеріне тиесілі еткен асылдарының қазынасын қал-қадерінше ұлықтап, мұрасын насихаттап жатқанымен олардың өмір сүрген кезеңдеріндегі барша түбі бір ортақ игілігіне бүгінгі түркі жұртының қолына түгел жетпей, мұрасын өзімсіне алмай отырғанымыздың жайы содан болар.

Үлкен кедергі – тіл білімінің жоқтығы. Еліміздегі шығыстанудың осы саласының мамандары саусақпен санарлықтай, тіпті жоқтың қасы. Рас, Шәкәрім Физули мен Хафизді, Тұрмағанбет Ізтілеуов Фирдаусидің «Шахнамасын» назиралады. Жұмекен аздал болса да Сағидан қалам тартты. Әбдіраш Жәмішев те Шығыс ғазалдарын қазақша сөйледті. Дегенмен кейінгі толқын әзірге Шығысқа мойын бұрмай тұр.

Естуімізше, көп дүние көрші өзбектердің қолында жатқан секілді. Олардың бір жақсысы ескі шағатай жазуымен жазған Науай жырларын оқи алса да бүгінгі қазақ ол жазудан қол үзіп қалған. Ол кезеңдің мұрасын зерттеуге парсы тілінің де маманы керек. Сол себепті тіл-кедергіні шешіп қана шайырларды ортамызға тарта аламыз.

Ал олардың шығу тегіне келсек, әзербайжандардың мықтысы Низамидің Гәнжә қаласында туғаны ғана, мұрасын ирандықтар ғана оқи алады. Орта ғасырлардағы үрдіс бойынша Низами да шығармаларын парсы тілінде жазған. Туған жері мен еңбектерін жазған тіліне қарап, атақты Әбу Әли ибн Синаны (980-1037) парсы ойшылы деуге бола ма? Меніңше, жоқ. Ол қазіргі Өзбекстанның Бұхара қаласы маңындағы тәжік ауылында дүниеге келген, бүгінге жеткен мұрасы араб тілінде жазылған. Орта ғасырдың шежірешісі һәм тарихшысы ирандық деп айтылып жүрген Әбу Райхан Мұхаммад ибн Ахмад Бируни (973-1048) Хорезмде туған (бүгінгі Өзбекстан облысы), араб тілінде жазған. Парсытілді поэзияның басында туған Рудаки қазіргі тәжік жерінде туған, ғұмырын Орталық Азияда, Бұхарада өткізген ақын Иранның топырағына тірісінде табаны тимеген дейді. Атақты сопы ақын Әбу-л-Маджд Мадждуд ибн Адам Санайи Газнауи (535/1140) Ауғанстанның Газни қаласында туып, сонда өлген. Ауғандықтар біздің ақын десе, парсылар парсы тілінде жазғаны үшін өзіміздікі дейді. Тек бұлар емес, сол кезеңдің белгілі ақындары хақында парсы, араб не түріктердің, бірі күрдтердің ақыны деген пікірталастар легі әлі де тыйыла қойған жоқ. Өкініштісі, бұл ізденіс әрі жаңа көзқарас орта ғасырлық ақындардың мұрасын насихаттауда назарымызды басқаға аудартып, көздегенімізді бөтен арнадан іздел жатқандай әсер қалдырады.

Бұлардың белгілі бір түп-тамыры болса, ол – түркінікі, ілімі мен ғылымы арқылы араб-иран ренесансына жан бітіріп жаңа белеске шығарып, түркілік рең берген мұра деп қарастыруымыз қажет. Яғни ауғаннның Гират қаласында туып, сонда өлген, тірісінде қазіргі өзбек жерінде болып көрмеген Әлішер

Науай мұрасы тек өзбектің олжасы ғана емес, барша түркінің жұрағатына ортақ әдебиет жаунары. Туған жері дейтін болсақ, қазіргі пуштундарға да қатысы аз. Мұндай бөліс ұлықтарға жақындауға, олардың мұрасына жаңаша көзбен қарап, жаңаша токуға септігін тигізбейді. Ең бастысы, олар өмір сүрген ғасырдан, сол кезеңдердегі тарихи өзгерістерден алыстаймыз.

Араб өркениетімен бірге шарықтап Шығыстың үні әдебиет әлемін жаңғыртқанда оның ізін сол кездегі кеңістіктен іздеу керек екенін айтып жүрміз. Оны белгілі шығыстанушы Е.Бертельс сол кезеңнің географиялық сыйбасын жасап, көз алдымызға былайша елестетіп, жөн сілтеді: «Бір нәрсені ескеру қажет, өйткені Орталық Азияның, Иран мен Ауғанстанның қазіргі шекарасы кейінгі құбылыс және Орталық Азия халықтарының бүкіл тарихында әртүрлі құрылымы бар бұл аумақта әртүрлі мемлекеттік құрылымдар пайды болды. Ол үшін тарихтың ең маңызды кезеңдерін еске түсіру жеткілікті».

VIII ғасырларда Орталық Азия атауы қазіргі ұғыммен емес, сол дәуірдің өлшемімен алғанда Ауғанстан мен Иранның едәуір бөлігіне қанатын жайған. Саманидтер иелігі ыдырағаннан кейін, қараханидтер мұра еткен Бұхара мен Самарқан Иран аймақтарынан бөлінді, бірақ Газна, Хорезм, Хорасан, Табаристан, Горган, Систан (Сахастан) және Үндістанның батыс бөлігі Махмудтың (1030) билігінде болды. Одан кейін XII ғасырдың ортасына дейін осы өңірде селжүктер билік етті. Осыдан кейін Хорезм астаналық орталыққа айналды, оның билеушілері Хорасан, Керман және ежелгі Үндістан құрамына кіретін аймақтарды жаулап алды. Ол да ыдырап, Мысырға дейін көсіліп жатқан кең аумақты, түбіне Ақсақ Темір жеткен монғолдар шапқыншылығы өртке орады. Қазіргі Орталық Азия аумағынан қанды жорығын бастап женіліс көрмеген Ақсақ Темір 1381 жылы Әмудариядан өтіп, тағы бір үлкен мемлекет құрайды.

Міне, сондықтан да оныншы ғасырдан он бесінші ғасырға дейін Орталық Азия мен Иран әдебиеті үш тілмен қатар түсінісіп, бір кеңістікте тығыз байланысып жатты.

Қазіргі парсы ғалымдары өз мұралығына алған төл әдебиетінің сол кезеңнің әдеби мәнерін (стилін) хорасан (IX ғасырдың екінші жартысынан XI ғасырға дейін) стилі, оны түркістандық деп те атайды. Аралық стиль Селжүк (Сельжук) дәуірі (XII ғ.), ирак стилі (XIII-XV ғ.ғ.) деп бөліп, одан бөлек тағы бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. Біз айтқалы отырған шайырлар дәуірі осы кезеңдердің бір үзігі болса да бірегейі.

Бұл дәуірдің шайырларын иран тілінде жазды деп айтудың өзі негізсіз, ортағасырда түркі деген жүртты құрайтын, бүгінгі күні әзербайжан, өзбек, түрік, қазақ, тәжік, т.б деп аталатын оғыз-түрік тайпаларының өкілдеріне ортақ тіл ислам ықпалымен енген араб-парсы тілдері болды.

Бұған ұқсас көріністі Еуропадан да байқаймыз. Ол елдердегі негізгі бәріне ортақ тіл латын тілі болатын. Ендеше, араб шапқыншылығы мен ислам дінінің ықпалымен келген бұл жаңалыққа біздерге де таңғалуға болмас. Араб тілі – ислам тілі. Парсы тілінің де кең таралуы парсылардың саяси ықпалының

нәтижесінде көпке дейін мемлекеттік тіл ретінде ғылым мен әдебиеттің тілі болып қалыптасты. Сол кезеңнің жыр күмбезін тұрғызған ақындар оның іргесін осы тілдермен қатар өрді. Олар да араб, парсы тілінде жазып қана қоймай, оған қоса өз тілдерінің төрге шығуына атсалысып, сөйтіп ана тілінде жазылған мұрасын қалдырыды. Сол кезеңнен қалыптасқан шайырлық жолдың арнасы кеңейіп одан кейінгі пайда болған елдердің әдебиетінің іргетасын қалыптастырыды.

Қазақ жеріндегі Шығыстың соңғы шайыры – Абайдың да алғашқы әрі маңызды мектебі осы шығыстық дәстүр.

Абай үшін әсіресе Физули мен Науайдің жолы бөлек болса да, шәкірт Абай: «Физули, Шамси, Сайхали, Науай, Сағди, Фирдоуси, Қожа Хафіз – бұл һеммәсі Медет бер я шағири фәрият» деп ұлылардың есімін аузына алыш, рухына сиынғанда бүкіл Шығысты, классикалық әдебиетті тұтас алыш тұр.

Біздер де осы қысқа әңгімемізде түріктермен қатар әзербайжандар да үкілеп жүрген Сағди, Хафиздардың қалдырыған ғазалдарын маржанға айналдырыған Физули туралы айтпақпыз.

XIX ғасырдағы европалық физулитанушылардың үлесін есепке алмай, ғалымдардың зерттеуін біршама шолғанымызда өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін бұл саланың әзербайжандық бағытында аса қомақты еңбектің болмағанын білдік. Тек ақынның 500 жылдығымен шайыр шығармашылығына жаңаша рухани серпіліс берді. Сол кездері шыққан әдебиеттанушы, академик М.Джафар «Физули өзінің 500 жылдығын қүтіп отыр» деген ұранмен қоғамның назарын ақынға аудартқан мақала жарық көреді. Онысы көп жылғы үнсіздіктен кейін дабыл қаққан нысаналы мақала ретінде физулитанудың жаңа тынысына дем берді. Мына үзіндіні оқи отырыңыздар:

«...Бес жұз жыл бұрын Әзербайжан поэзиясының аспанында күн көтерілді. Бес жұз жыл бойы бұл күн осылай жарқырап тұрды, сөнбейді, адамдардың жүрегі мен санасын жарқыратады, үмітсіздерге үміт береді, надандықтың қараңғысында адасқандарға жол көрсетеді, бейқамдарға даналығын үйретеді, оқырманға рухани, ізгілік нәрін береді... Бұл күн – Физули! Жанның жыршысы – Физули! Жан дос, сыр сақтаушы сенімді, арлы ақын. Мәжнүн сияқты мұнға бөленген, нәзік Ләйлідей сағыныштан сарғайған, Физули! Поэзиясымен әлемді таңғалдырыған Физули! Әр сөзі – батырдың демі! Сыршыл нәзік өлеңнің шебері – Физули!».

Классикалық поэзияның негізін қалаған Физулидің толық аты – Мұхаммед Сұлейменұлы қазіргі Ирактың Кербала қаласында Ақ-Қаңылы династиясы дүрілдеп тұрған шағында дүние есігін ашыпты. Дәл жылы анық болмаса да, ресми түрде 1498 жылы туды деп есептелінеді. Физули өткен дүние орта ғасырлық аумалы-төкпелі ұлы өзгерістермен тұра келген екен.

Әрине, ғасырлар қойнауында қалған ақын ғұмырын көз алдымызға елестету үшін оның өткен заманының жылнамасынан аттап өте алмаймыз. Сол қағида-мен жазушы-ғалым Ислам Жеменей былайша таратады. «Заманының танымал шежірешісі Әбу Насыр Сам мырзаның (1515-1566) парсы тілінде жазыл-

ған «Самның шежірешісі» атты кітабында сол кезеңде және одан ертерек өмір сурген 722 ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет берген. Сондағы мәліметке қарағанда, Физули Бағдади өмірінің басым бөлігі Бағдадта өткен».

Физули – тахаллус, яғни ақынның лақап аты. Ислам Жеменей: «Физул араб тілінде «тілі ұзын, біреудің ісіне орынсыз араласуши кісі» деген мағына береді. Бұл сөз парсы тіліне де еніп, «Физули» түрінде де қолданыла бастаған. Мұндағы мағынасы да сол – «сұқтанып біреудің ісіне араласу» дегенді білдіреді».

Ал ақынның өзі парсы диванында мынадай жазба қалдырыпты. «Біріншіден, мен өзімді замандастарымның ішінде бірегейі болып көрінгім келді. Екіншіден, мен барлық ғылым мен білімді бойына сініріп және осыны білдіретін бүркеншік ат тапқан адам болуға тырыстым. Өйткені «физули» сөздікте ғылым мен білімнің жиынтығын, ал халықта «фиузули» сөзі қалыптасқан мінез-құлық әдебіне, қабылданған ереже-дәстүрлерге қарсылық, оппозицияны білдіреді» деп түсіндіреді.

Бұл дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда лақап атын бәйіттің кім жазғанын білдіру үшін кейде өзіне қаратса бір жол қосып бәйіттің соңына қосып отырған. XII ғасырға дейін бұл әдісті тек сопылық поэзиясында ал одан кейінгі дәуірлерде басқа да ғазалшылар қалауына қарай қосатын болған.

Ал ақынның Бағдадта тууы туралы әзербайжан ақыны Анар «Ақын мұны» атты еңбегінде түсіндіріп, тимуридтер мен монгол шапқыншылығы кезінде көптеген әзербайжанның Бағдадқа үдерес көшкенін жазады. Анар сол еңбегінде Физулидің әкесі Сүлеймен де бәлкім тимуридтер дәуірінде Бағдадқа көшіп келген болар деп болжам айтады. Севефидтер тұсында Бағдад пен Әзербайжан арасында байланыс нығайып, соңғылардың саны артып, тұрған аумағы кеңеңе тұскен. Бағдадта әзербайжандардың саны арабтардың санымен арта тұсуі әзербайжан тіліндегі әдебиеттің дамуына септігін тигізді дейді.

Ислам Жеменей аталған кітабында Физулидің отбасы туралы мына мәліметті келтіреді: «Физули жайында дерек берген оқымыстылардың бірі Садық бек Афшар (1533-1610). Ғалым өзінің парсы тілінде жазған «Мәжма әл-хауас» кітабының 103-бетінде: «Физули Һилле қаласында дүниеге келді. Аталған қалада әкесі сот болған. Сонда оқыған, кейін Бағдадқа көшкенде оқуын жалғастырған. Оның танымал ұстаздарының бірі – шайырлардың патшасы атанған Әбібі деген кісі болған. Физулидің арғы тегі оғыздың жиырма екі тайпасының бірі – Байаттан шыққан. Бағдадта жетпіс үш жасында қайтыс болды» деп жазады.

Сонымен тарихи деректер бойынша 1508 жылы Севефид (Сәфэви) мемлекетінің құрамына енген Бағдадты билеген Шах Исмаил Хатаи Неджеф қаласына және ақынның туған жері Кербалаға көп көңіл бөледі. Алайда шығармаларымен аты шыға бастаған Физули патша сарайынан өзін аулақ ұстаған. Тілі өткір ақынды севефид сарайы да назарына алып, маңына жолата

қоймаған. Өзінің замандасы әрі сарай ақынына жіберген бір өлеңінде Физули өзінің сарайдан алыс екенін айтқан екен. Тағы бір өлеңінде, севефид сарайын тілге тиек ете отырып, ол шахтарға деген разышылықтың ауыртпалығын көтере алмайтынын жеткізеді. «Егер билеуші маған назар аудармаса, мен оған ризамын. Яки ол өзінің жақсылықтарының ауыртпалығы менің кедейлігімнің жүгінен әлдеқайда ауыр болатынын білген болар» деп жазыпты.

1534 жылы Бағдадты Осман империясы басып алады. Севефидтерге иімесе де өз заманында ақын Сұлеймен Кануни сұлтанға, Ибрагим паша, Аяз пашаға, Мехмет пашаға басқа да ақынның еліне кейінрек келген билік басындағы әміршілеріне қасидаларын арнайды. Сонымен бірге оның Осман империясының сарай ақындары Хаялы мен Ташлыджалы Яхъя бектермен үзенгілес болғанын білеміз.

Физули шығармашылығының еуропалық зерттеушілерінің бірі Станислава Плясковицка-Рымкевич ақын тегінің түркі екендігін Мехмет Фуат Көпрілі дәлеліне сүйеніп, түріктің «кей деректерде оғыздың байат тайпасынан еді» дейді. Ол «Физулидің түрік шығу тегі туралы келесі факт қуәландырады: ақынның түрік диваны тілі, мазмұнының өзіндік ерекшелігі, формасы және ерекше поэтикалық бейнесі түрғысынан парсы диванынан асып түседі» деп қисынтайтын айтпағымыз, сол кезеңдегі түбі бір түркілікті бөліп-жарудың қажеті аздығы болса, екінші жағынан араб-парсы поэзиясына қан жүгіртпіп, жандандыра түскен ақын жүргегіндегі түркі болмысының ықпалы екенінің бір дәлелі болмақ.

Физулидің араб-иран-туркі тілді әдеби қауымның басында болғанын мына сөзімен де жеткізуге болады. Физули өзінің бір жинағының алғы сөзінде: «Түркілер арасында көптеген лайықты адамы бар болса да, бірақ сіз сияқты барлық тілді жетік білетін бірде-бір адам жоқ кезеңде араб пен парсылардың арасындағы Сөз Патшалығында үстемдік біртіндеп сізге өтті. Жаратқан иеміз, нәзік рухты поэзияның гүлзар бағынан шыққан диванның бүршігін түркі халқының өзінен айыра көрмесін!» деген досының сөзін қимай соның дегенімен осы жинақты құрастырғанын айттыпты.

Құдіретті тілдің арқасында Физули парсытілді ақындардың алдында жарқыраса, түркі тілдес елдердің классикалық әдебиетінің негізін де қалап кетті. Сол еңбегіне қарай, XIX ғасырдан бастап шығармашылығы жан-жақты зерттелді.

Жалпы артында қалған қолжазбаларын салыстыра оқып-талдалап, бар мұрасы түгенделген ақынның арманы жоқ шығар. Ресей шығыстанушысы Евгений Бертельстің айтудынша, Еуропада ақынның қырықтан астам қолжазбасы сақталған екен. Ақынның әзербайжан, парсы және араб тілдерінде жазылған 16 шығармасы осы күнге жеткен. Е.Бертельстің айтудынша, оның барынша жинақталған шығармаларының көшірілген уақыты 1522 жыл. Бакуде сақталған ең көне диванының (жинақ) қолжазбасы 1572 жылды көрсетеді.

Шығыс шайырларының бірден-бір зерттеушісі Е.Бертельс: «Түркі ақындарының ешқайсысы да дәл Физулидегі европалық ориенталистердің де, өз отандастарының да жоғары бағасына ие болғаны жоқ» деген қорытындыға келеді. Ол И.Хамер-Пургшальдан бастап (аустриялық тарихшы-шығыстанушы Йозеф барон фон Гаммер-Пургшаль (1774-1856) және М.Хартман (неміс шығыстанушысы Мартин Хартманн (1851-1918) және Э.Г.Гиббо (шотландтық шығыстанушы, алты томдық «Османлы поэзиясының тарихы» атты іргелі еңбектің авторы) мен Элиас Джон Вилкинсон Гиббен (1857-1901) тұйықталатын ғалымдар шоғыры осы ұлы ақынның өзіндік ерекшелігі мен шынайылығын дәріптеді және оның шығармашылығына деген сүйіспеншілігін мүмкіндігінше бейнелеуге тырысты» дейді.

Ақын шығармашылығын зерттеуді европалықтар бастап, түркиялық ғалымдар індете қазып, өткен ғасырдың ортан бөлігінен асқанда әзербайжандық ғалымдар да бұл іске белсене кіріседі. Бәлкім алдағы уақытта осы кеңістіктегі түркітанушылар бірлесе атсалысып орта ғасырлық шайырлар дәстүрінің байланысын жан-жақты зерттеп, қазіргі ұлттық поэзиямыздың қадір тұтар шынына қайта шығарар деген үміт де жоқ емес.

Осы күнге дейін жарық көрген дүниелерді парақтай отырып, аты белгілі физулитанушылардың пікірлерін салыстыра қарағанда, ақынның тұп-тұқияның қатысты тұсында ғана емес, оның діни танымына тұрғысында пікірталастар айналып келіп бір арнада тоғысқандай.

Рас, біздердің Абайды «сопы» қылғымыз келгеніндей, кейбір ғалымдардың Физулиді сопылардың қатарында көріп, енді бірі мұлдем жақыннатпауға тырысқанын байқаймыз. Абайдың шығыстық дуниетанымын зерттеген еңбегінде ғалым Ислам Жеменей Физули шығармашылығының бұл сипатына былайша баға береді: «Лирик ақын бола тұра, оның Тәңірге ынтық екені өлең жолдарынан айқын аңғарылады. Мұхаммед Физулидің Тәңірge арнаған сопылық поэзиясының құндылығын бағамдаған ғалымдар оны «Анадолы, бүгінгі Түркияның әйгілі сопы ақыны Жұніс Емреден (1238-1320) кейін сопылық сарында жырлаған ең көрнекті ақын» деп білген.

Амангелді КЕҢШІЛКҰЛЫ